



НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 5 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ ТУРАЛЫ

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 984 қаулысына өзгеріс
енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасына**

2015 жылғы 2 қыркүйек

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 984 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын (бұдан әрі – БЖЗҚ Зейнетақы қағидалары) әзірледі, ол арқылы БЖЗҚ Зейнетақы қағидалары жаңа редакцияда жазылды.

БЖЗҚ Зейнетақы қағидалары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңын іске асыру үшін әзірленді және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – БЖЗҚ) мен:

- 1) міндетті зейнетақы жарналары салымшысының;
- 2) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаның;
- 3) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттің арасындағы құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін белгілейді;
- 4) міндетті зейнетақы жарналарын төлеу агентінің немесе міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу агентінің арасындағы құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін белгілейді.

БЖЗҚ Зейнетақы қағидаларында:

- міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасасу;

- міндетті зейнетақы жарналарының салымшыларын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаларды, міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алушыларды хабардар ету;

- міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары салымшыларына немесе міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алушыларды БЖЗҚ-ның өз міндеттемелерін орындауына әсер ететін барлық өзгерістер туралы хабардар ету тәртібі айқындалған.

БЖЗҚ зейнетақы қағидаларын іске асыру теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz